

# А И Қ Ы Ы Н

Ыстықкөл жасырған өркениет



**Жыл сайын жазда Алакөлді айналшықтайтын біз, өткен шілдеде Ыстықкөлге тартып кеттік. Алматыдан түн шымылдығы түсіріле аттанып, түнгі сағат бір мен екінің арасында Қордай кеден бекетіне жетіп, онда арғы жаққа өтудің әлегімен бір сағат бөгелесің.**

Сол баяғы екі адам қатарынан әзер сиятын темір шарбақпен тарс қоршалған ұзын-шұбақ коридор, құмырсқаша қыбырмен жылжыған кезек... Қазақ тілі бұл жерде де қағажу көріп, орыс тілі үстемдік құрғанын қабырға-есіктерге ілінген қарапайым ескерту-жазулар есіңе еріксіз салады. Шекарадағы жауапкершіліктің салмағы қазақ жағына көбірек артылған ба, қырғыз жағы жайбарақаттау, өзіміздікілер шұқшия қадалып, ұзағырақ бөгелтеді. Қош, сонымен, төменде буырқана дөңбекшіген қарақошқыл, асау ағысты өзеннің үстіне салынған темір қоршау-тас бөгеттен аман-есен өтесің-ау...

...Шіркін, таң бозында тотыдай таранған қырғыздың сұлу табиғаты-ай, дейсің сосын! Қапталыңда буырқана тасыған тау өзені жарыса ақса, қарсы қапталдағы шоқы-төбелердің сауырында жер бауырлап, созған қолың жетердей ақ шоғыр бұлт ұйлығып-ұйлығып жатады. Ал табан астында кеңес заманында Ыстықкөлге жұрттың шойын жолмен барғанын әйгілеп, таспадай тартылған қос рельс ырсияды.



Турфирманың қызметіне жүгінбей, не де болса «ер азығы мен бөрі азығы – жолда» деп шыққанбыз. Шолпан ата қаласының автобекетіне аялдағанымыз сол екен, демалуға келе жатқан қазақтар екенімізді білген соң, жан-жақтан таксисі бар, қатын-қалаш, кемпір-сампыры бар, біз байғұсты қой көрген бөрідей тартқылай бастады. Бәрі де қазір-ақ осы жерден жұмаққа жетелеп апарғысы келеді. Оларға берілмей, әрі қарай Бозтеріге тарттық. Бозтері дегенің – курортты аймақты алып жатқан үлкен айыл. Сол айылдың аумағында қаз-қатар неше түрлі пансионаттар Ыстықкөлге тиіп тұр. «Көгілдір Ыстықкөл», «Саламат», «Қазақстан» дейсің бе, атауынан жаңыласың. Біз «Борборға» тоқтадық. Адамға не керектің бәрі баркілең коттежді қалашық. Мұндағы екі адамдық люкс бөлменің күндік жалдау ақысы қырғыз ақшасына шаққанда 1200 сом екен. Біздің ақшамен 6000 теңгедей. Бұған Алакөлдегі секілді үш мезгіл тамақтану ақысы кірмейді, әрине. Ыстықкөлде тамақты әркім сырттан сатып алып ішеді. Жеке үй жалдағандар өз қазан көтерсе болады.

Ол үшін барлық жағдай жасалған. Не керектің бәрі бар. Бұл жерді қымбаттау көргеніміз сол екен, әлекедей жаланған қырғыз жігіті көршілес «Алтын құм» пансионатына жетелеп барып, жасыл бау көмкерген төрт қабатты жатақхана типтес салынған демалыс үйінің бір бөлмесіне жайғастырды. Екі төсектің әрқайсысы үш жүз сомнан, сонда бір бөлменің күндік жалдау ақысы 600 сом. Біздің ақшамен үш мың теңгедей. Арзан. Дәліздегі әжетханасы, жуынатын бөлме көпке ортақ демесең, бөлмесі кең, таза, жайлы. Төртінші қабаттың балконынан Ыстықкөл айнадай жарқырап көрінеді. Айнала қалың арша мен көк тіреген шырша. Көл 200 метрдей жерде тиіп тұр, аққайындар мен көк теректердің көлеңкесін жамылып, тротуармен барасың. Жайғасып болғаннан кейін біз де солай тарттық. Ыстықкөлдің суы Алакөлге қарағанда салқындау екен. Бірақ таза, хрустальжай мөп-мөлдір. Жағалауы сусыған сары алтындай құм. Ауна да жата бер. Айналада қайық, катер, кеменің неше атасы бар. Қаласаң, қырғыздың үш жүз сомына теплоходқа мініп, көл жағалауынан он шақырымдай ұзап, бір сағат көк теңізде серуендеп, тереңдігі 200 метр суда жел толтырылған кеудешемен шалқалап жүзуіңе болады. Қаласаң, катерге арқанмен тіркелген парашютпен құсұшар биікте қалықтай аласың. Ұшқан жеріңе аман-есен қондырады. Ол үшін қырғыздың бір жарым мың сомын төлейсің. Балалардың суға арналған неше түрлі ойын алаңдары жетіп артылады.

Ал кеш батып, көлден қайтқан соң да көңіл көтеретін орындардан кенделік көрмейсің. Айнала неше түрлі кафе-бар, кинотеатр, дискотека, сауна, бильярд, футбол, волейбол алаңдары, интернет-клуб, аквапарк, медпункт, аптека, дүкендер, базарлар. Қаптап жүрген туристер Ресейден, Украинадан, Беларусиядан, Қытайдың Шыңжаң аймағынан, Өзбекстаннан, ең көбі, әрине, Қазақстаннан келгендер секілді. Ресейдің орысының қарасы да қазақтан кем көрінбейді. Айнала қалың шырша, ақ қайың, көктерек. Түп-түзу соқпақ жолдар. Қысқасы, Ыстықкөлдегі туризмнің айдарынан жел есіп тұр. Мұндағы туризмнің гүлденуіне кезінде көлді бүкілодақтық жетістік санаған кеңес заманы барлық жағдайды жасаған. Ал біздің Алакөл кеңес заманында шекаралық жабық аймақ болып, туристер аяқ баса алмады. Соның зардабын әлі тартып отырмыз.

...Ыстықкөлдің көгілдір толқындарын қақ жарып, қырғыздың «Әділет» теплоходымен теңіз айдынын тамашалап келеміз. Радио арқылы Ыстықкөлді таныстырып, хабарлама берілуде. Орталық Азияның інжу-маржаны атанған бұл көліңіз әлемдегі ең терең көлдердің ішінде алтыншы орынды иемденеді екен. Ең терең жері 700 метрден асады. Ұзындығы 182 шақырым, ені 58 шақырымды құрайды. Суының құрамы теңіз суымен бірдей. Көлге шіліңгір шілдеде ұшар басын аппақ қар көмгерген тау шындарынан бастау көзін алатын сексен өзен сарқырап құяды, бірақ бірде-бірі қайтып сыртқа шықпайды. Төбесінен ұшқан құс көрінбейтін, Күнгей мен Теріскей Алатаудың бауырында тыптыныш жатқан тұйық көлдің буырқана мінез көрсететін шағында, биіктігі төрт метрге дейін толқындар көтеріліп, кемеге едәуір қауіп төндіреді екен. Қыста суы қатпайтын болғандықтан да Ыстықкөл аталса керек. Ертеде қырғыздар оны Әуликөл деп те атаған деседі. Бұл жерде әлем әміршісі атанған Шыңғыс хан да, Әмір Темір Көреген де кем дегенде үш реттен болған. Зерттеулер көрсеткендей, ол замандарда көлдегі су қазіргі дейгейінен 6 метрдей төмен болғанға ұқсайды, кейін маңайындағы ертеде болған қалалардың бәрі су астына кеткен делінеді. 2006 жылы ғой деймін, қырғыз бен орыс ғалымдары Ыстықкөлдің түбінен тарихы 2,5 мың жылға кететін көне өркениеттің жұрнағын тапқандарын жария еткен. Археологтардың мұндай зерттеулері 1985-89 жылдары да жүргізіліп, теңіз астынан ерте дәуірдегі скиф, будда кезеңіне жататын құнды жәдігерлер табылған. Су астынан үйсіндердің көне астанасы Чигу қаласының қалдығы анықталған. Бір аңыз бойынша Шыңғыс ханның қазынасы осы көлдің астында қалған. Тіпті осы уақытқа дейін табылмаған ханның моласы осы көлдің астында жатыр дейтін аңыз да бар. Әрине, мұның бәрі бергі тарихқа жылжытылып әкелінген аңыздар. Әйтпесе, көл тарихының аңызы есте жоқ ескі замандарға тиесілі екендігі анық.

Бұл ұлы көлді алғаш 1850–1860 жылдары зерттеген адам орыстың ұлы саяхатшысы Петр Петрович Семёнов-Тяньшанский. Одан кейін Орталық Азияны зерттеген Николай Михайлович Пржевальский көлдің керемет сұлулығына тамсанып, «Швейцариядан да артық» деп бағалаған, өзін өлгенде көлдің жағасына жерлеуді аманаттаған. Пржевальскийдің құрметіне Ыстықкөлдің жағасындағы қалаға оның аты берілген, ол Пржевальск қаласы қазір Қарақол деп аталады, ұлы саяхатшының моласы мен музейі сол жерде. Ал көлдің кеңес заманында зертте-луі өткен ғасырдың 50-жылдарынан басталған. ...Көлдің біз барған жағы қанша дегенмен, ойын-сауыққа арналған шулы жер, тыныш жерді қалағандар Балықшы қаласынан көлдің оң жағалауына бұрылып кетеді. Ол жақта Ыстықкөлден 500 метрдей жерде шағын «Өлі көл» бар, оны 2001 жылы ашқан. Бұл көл тым тұзды болғандықтан онда балық та, басқа жанды нәрсе де жоқ. Бұл көл тұз құрамы мен емдік сапасы жағынан Израильдегі «Өлі теңізден» бір елі кем түспейді. Қара балшығын ем көретін мыңдаған туристер осы жерден шықпайды.

Таяуда қырғыз бен орыстың біріккен археологтары водолаздардың көмегімен Ыстықкөлдің оң жағалауынан скифтердің бұрын ғылымға белгісіз болып келген ежелгі қаласын тапқанын жария етті. Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан бұл қаланың жасы 2,5 мың жылға жуықтайды. Су астынан табылған неше түрлі керамикалық заттар, металдар, артефактар, сүйектер соны айғақтайды. Кезінде бұл қала сол замандағы көл жағалауынан 2 шақырымдай жерде орналасыпты, кейін көл суы көтерілгенде телегей теңіздің астына шөгіп кеткен.

Аңызға айналған Ыстықкөлде Ресей әскери-теңіз флотының құпия базасы орналасқаны жасырын емес. 1942 жылы Сталиннің бұйрығымен көлде теңіз қаруларын сынайтын кешен орналасыпты. Көлдің ол жақ беті арнайы темір тікенекпен қоршалған деседі. 400 метрлік тереңдікте сүңгуір қайықтарға арналған торпедалар сыналады екен. Ол торпедалар Алматыдағы Киров зауытында жасалып отырыпты. Ал оның қоршаған орта мен адамдардың денсаулығына қаншалықты зияны бар-жоғынан экологтар хабарсыз. Сондықтан теңіз түбінде қанша снаряд жатқанын санаған ешкім жоқ. Мұның бәрі әскери құпия.

...Ыстықкөлге бір барған адам оған қайта барғысы келіп тұрады деген ескі сөз бар. Көгілдір көл, ақ кеме алыстан қол бұлғап қалғанда, бұл ескі сөздің естілігіне еріксіз бас идік.

**Төреғали Тәшенов**